



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 85 (7871)
Сәрсенбі,
11 қараша 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҒАРЫШКЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Айдын Айымбетов Шығыс Қазақстан облысына
екі күндік бағдарламамен келген болатын.



Облыс әкімі Даниал Ахметов ғарышкер, Қазақстан Республикасының Әскери-әуе күштерінің полковнигімен кездесу өткізді. Кездесу барысында Айдын Айымбетов қазақстандық және ресейлік ғалымдар дайындаған ғарыштық бағдарламаны толықтай орындап шыққандығын айтты.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен кездескен кезде ғарыштық бағдарламаны орындағаным туралы айттым. Елбасы Қазақстан Республикасының ғарыш саласы ары қарай да дами түсетінін жеткізді. Президентімізге тағы бір мәрте алғыс айтқым келеді, себебі оның шешімі мен қолдауының арқасында тағы бір қазақстандық ғарышкердің арманы орындалды, – деді Айдын Айымбетов.

Даниал Кенжетайұлы Халық қаһарманына Шығыс Қазақстан облысы туралы, аймақта қандай өнімдер өндірілетіндігі жайлы айтып берді. Сондай-ақ, басымдылығы зор жобалардың бірі, жылына 120 мың автокөлік шығаратын, республикадағы ірі толық циклді автозауыт «АЗИЯ АВТО Қазақстан» АҚ құрылысы екендігін айтып өтті.

Сонымен қатар аймақ басшысы шығыс қазақстандықтардың атынан Айдын Айымбетовке «SKODA Superb» автокөлігінің кілтін табыстады.

– Біз аймағымызда көп нәрсе өндіреміз, дегенмен облысымыздың атынан Сіздің ғарыштық ерлігіңізге берілген бұл сыйлық әлдеқайда орынды болады деген ойдамын, – деді аймақ басшысы.

Айта кетсек, екі күндік бағдарлама аясында Айдын Айымбетов облыс басшылығымен, Өскемен қаласының жастарымен кездесіп, «Торпедо» хоккей командасының ойынын тамашалады. Сонымен қатар, 5 қазан күні Семей қаласының жастарымен кездесіп, қаладағы бірқатар мұражай-қорықтарды, соның ішінде Абай ескерткішін аралап қайтады.

Шығыс Ақпарат.

Ресми бөлім

САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ



6 қараша күні аудандық әкімдік ғимаратында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Калиқан

Байғонұсов Саяси кеңес Бюросының кеңейтілген отырысын өткізді.

Отырысқа Саяси кеңес мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының және партия топтарының төрағалары, ауылдық округ әкімдері, партиялық бақылау кеңесінің мүшелері, «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері қатысты.

Саяси кеңес отырысын ашып, күн тәртібі регламентімен «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлбаршын Ағажаева таныстырды.

«Нұр Отан» партиясының «Қазақстан. 2017 мақсаттары. Ұлттық іс-қимыл жоспары» атты Халықтық тұғырнамасының «Инновациялық экономика», «Жасыл экономика», «Біздің ауыл» және «Отандық бизнесті қолдау» бағыттары бойынша мақсаттық индикаторларының орындалу барысы жайлы аудандық ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Гаврилов ақпарат берді. Ол өз сөзінде термомодернизация, су жүйесі және жылу беру, энергия қуатын үнемдеу, сонымен қатар автомобиль жолдарын күту мен ағымдағы жөндеу жұмыстары жайлы айтып өтті.

Жоғарыдағы мәселе бойынша баян дама жасаған ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Р.Байгереев кейбір кәсіпкерлердің субсидияларды мақсатты түрде пайдаланбауы жөнінде сөз қозғап, келесі жылдан бастап, үкіметтен төленетін субсидиялар мөлшері шаруашылықтардың соңғы алынған өніміне байланысты болатынын ескертті.

Бұл мәселені талқылау барысында аудан әкімі Қ.Байғонұсов кәсіпкерлер арасында түсіндірме жұмыстары белсенді түрде жүргізілуі қажеттігін айтты.

–Мемлекеттік қаржыны төлеу барысында олардың тиімді түрде қолдануын қадағалау қажет. Үкіметтен көрсетілетін көмек кәсіпкерлерге өз бизнесін, аудан экономикасын дамытуға беріледі. Сондықтан, олардың қаржыны дұрыс пайдалануына бағыт-бағдар берілуі тиіс, – деді аудан әкімі.

Ветеринария, жер қатынастары «2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының» 1-ші кезеңінің іс-шаралар жоспарының және білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінде ЖҚКК 15.02.2015 ж. №1 қаулысының орындалу барысы туралы ветеринария бөлімінің басшысы А.Кезеңбаев, білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғ.Көшенова, ЖҚКК төрағасының орынбасары А.Какоков ақпарат берді.

Ақпараттарды талқылау барысында аудан әкімі Қ.Байғонұсов сыбайлас жемқорлықпен күрес әрбір адамның міндеті екенін атап өтіп, «Нұр Отан» партиясы жемқорлықпен күрес жолында алдағы қатардан көрінуі керектігін айтты. Сондықтан, тексерулер барысында ауданымызда анықталған заңбұзушылықтар жөнінде тиісті шаралар қоланылуы тиіс екендігін ерекше ескертті.

Онан соң, орталық аудандық аурухана, Катонқарағай ауданаралық ауруханасы бастауыш партия ұйымдарында «Нұр Отан» партиясы XVI съезі шешімдерінің орындалуы туралы есептері тыңдалды.

Солоновка ауылдық округінде өңірді дамыту және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы аталмыш округ әкімі А.Байғонұсов баяндады.

Саяси кеңес Бюросы отырысын қорытындылаған «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі бастауыш партия ұйымдарының төрағаларына бірқатар тапсырмалар берді.

Отырыста қаралған барлық мәселелер бойынша Саяси кеңес Бюросының тиісті қаулылары қабылданды.

Жанар Қасымханова.

Аудандық мәслихаттың депутаттары мен аудан тұрғындарының назарына!

Катонқарағай аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXIV сессиясы 2015 жылы 13 қарашада сағат 10.00-де Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесіндегі №102-ші үйде орналасқан Катонқарағай аудандық әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Депутаттарды тіркеу сағат 09.00-ден бастап жүргізіледі.

Сессияға ұсынылатын күн тәртібі:

1. «Катонқарағай ауданының 2015-2017 жылдарға арналған бюджеті туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V

шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Ж. Большманова – аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

2. Аудандық аумақтық, аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлайтын округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін міндеттерінен босату туралы.

3. Катонқарағай аудандық мәслихатының кезекті отыз бесінші сессиясының төрағасы туралы.

Аудандық мәслихаттың хатшысы
Д.Бралинов.

Аудандық «Арай» - «Луч» газетіне жазылу басталды!

Жазылымды барлық пошта байланысы бөлімшелерінде ресімдеуге болады. Газеттің индексі: «Арай» - 6 айға - 19077; «Луч» - 19075; «Арай» - 12 айға - 19078; «Луч» - 19076.

Назар аударыңыз, жаңалық: енді аудандық «Арай» - «Луч» газетін Өскемен қаласының және облыстың басқа да қалалары мен аудандарының тұрғындары жаздыра алады.

ШҚО бойынша қалалар мен аудандар үшін газеттің жазылу бағасы, оның ішінде Катонқарағай ауданы бойынша бір жылға - 2799,97 теңге, 6 айға - 1399,99 теңге.

Өскемен қаласының тұрғындары үшін бір жылға - 2438,09 теңге, 6 айға - 1219,05 теңге.



Қазақстан 2050

Мәңгілік ел - қазақ халқының ұлттық идеясы

«Нұр Отан» партиясының XVI съезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бес институционалды реформа ұсынды. Олардың бірі – Мәңгілік ел. Сонымен қатар, «мектептерде бүкілқазақстандық құндылықтар ретінде «Мәңгілік Ел» идеясы оқу бағдарламасына енуі керек», — деп атап өтті Президент. Оның қалыптасуында өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру үлкен рөл атқарады. Осы тұрғыда Новохай-рузовка орта мектебінде қандай шаралар өткізіліп жатқандығы жайлы аталмыш мектептің тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі Айбарша Жәрдемқызы Әбілғалиевадан сұраған едік.

«Мәңгілік Ел бағытында жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы мен тәрбие саласындағы маңызды роль атқаратын жолдары аталған. Бүгінгі өскелең ұрпақ - құндылықтарымызды сақтап, ел болашағын қалаушы. Сондықтан, Елбасымыз айтқандай, «Мәңгілік ел» бағдарламасын жүзеге асыруда мектеп негіз қалаушы болып табылады.

Біздің мектеп ұжымымызда оқу процесіне Елбасы Жолдауында аталған міндеттерді орындауға бағытталған іс-шаралар жоспары талқыланып, енгізілді.

Барлық сыныптарда «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыбында ашық сабақтар мен сынып сағаттары өткізілді. Мұнда Мәңгілік ел - қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолы көрсетілген Елбасының Жолдауы негізге алынды. Бұл шараның мақсаты – оқушыларға тұған елінің тарихи-мәдени мұрасын, оның бүгінгі жетістіктерін зерттеуде көмек беру, патриоттық сезім ұялату.

Сонымен қатар, бұл мақсатта еліміздің айтулы даталары: Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін өткізуге байланысты шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Байтақ елдің азаматы болып, өзінің туған өлкесінің тарихын білу өте маңызды. Осы тұрғыда мектебіміздің оқушылары туған өлкесіне тану, оның тарихын зерттеу бойынша өткізілетін шараларға белсене қатысады. Бұл әрекеттер арқылы олар ел тарихына да араласады.

Қазақстанның гүлденуі әрбір азаматтың өз болашағы мен ел келешегі үшін жауапкершілікті толық түсінуі, еңбекті сыйлау және еңбектенуге тырысу тікелей байланысты болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясы әрбір қазақстандықтың өз өмірі мен ұлттық идея – Қазақстан Республикасының әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуіне қол жеткізуге жауапкершілігін толық түсіне отырып, жалпы еңбек қоғамының толыққанды мүшесі екенін сезінетін азаматтық мәдениеттің қалыптасуы мен қоғамдық сананың трансформациясы үшін қызмет етеді.

Сондықтан, мектепте атқаралап жатқан шаралар, алдағы үлкен мақсат - Мәңгілік ел болуға қол жеткізуде оқушыларда ел болашағы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастырып, оларды қазақстандық патриотизм тұрғыда тәрбиелеуде.

Жанар Қасымханова.

■ Күн тақырыбы

Мал індеттерінінің алдын алу жүріп жатыр, оған жауапкершілікпен қарайық

Біздің ауданның басты бағыты ауылшаруашылығы болса, негізгі саласы - мал шаруашылығы. Сондықтан қырда төрт түлікпен қатар марал мен теңбіл бұғы өсіріп, ата кәсіптерінің зейнеті мен қоса бейнетін көріп келе жатқан катонқарағайлықтар бүгінгі күні республика ауылшаруашылығы Министрлігімен жасалып жатқан реформаларлардан көп жақсылықтар күтуде. Олар күткен жақсылықтар жоқ емес бар. Мәселен, биылғы жылдың екінші жарты жылдығынан бастап барлық меншік иесінің иелігіндегі малдарға малдәрігерлік қызмет көрсету жұмыстары кеңейіп, мал індетінің, ұрлығының алдын алу жұмыстары қолға алына бастады. Осы жұмыстарды ұйымдастырып бақылау үшін біздің ауданда да малдәрігерлік жеке бөлім ашылып, оған конкурстық негізде мамандар қабылданды. Бүгінгі күнгі газет редакцияның қонағы аудандық малдәрігерлік бөлімнің бас маманы Аманжан Тоқтағанов.

- Аудандық малдәрігерлік бөлімнің негізгі міндетіне, - деді Аманжан Нұрқамзаұлы - мал індеттерінің алдын алуға бағытталған малдәрігерлік шараларды жергілікті жерлерде ұйымдастырып олардың уақытында, сапалы жүргізілуіне бақылау жасау болып табылады. Сонымен бірге біз ауылшаруашылығы малдарын бірегейлендірумен, ауыл шаруашылығы нысандарын тіркеп, есебін жүргізумен номерлерін берумен де айналысамыз. Бірегейлендіру дегеніміз не? Ол малдардың түрлеріне қарай қалай жүргізіледі? Бұл сұрақтарға да жауап бере кетейін. Мүйізді ірі қара малы мен қой-ешкілер сырғаланады, одан соң әрқайсына жеке паспорт жазылып сырғадағы номер, малдың түр-түсі мен жасы онда көрсетіледі де арнайы базада тіркеледі. Ал, жылқы малы таңбалау немесе чиптеу

арқылы бірегейлендіріледі. Мұны мал иелерінің өздері таңдайды. Алты цифрдан тұратын таңба азотпен немесе темірмен күйдіріліп, жылқының санына салынады. Ал қолына мал иесінің есімінің немесе тегінің алғашқы әріпі басылады. Таңба цифрлары бір стандартты болуы тиіс. Яғни әр цифрдың ені 5, биіктігі 8 сантиметрден кем не артық болмауы тиіс. Осы деректердің барлығы жылқылардың да паспорттарына көшіріліп базаға түсіріледі.

Мал індеттерінің алдын алу шаралары туралы айтатын болсақ биыл оның мемлекет қаржысына атқарылатын көлемі едәуір кеңіді. Мәселен бұған дейін мемлекет ең қауіпті жұқпалы мал ауруларының, атап айтқанда бурцелез, қарасан, пастерелез, сібір жарасы сияқты дерттерінің алдын алуға ғана қаржы жұмсаса, енді жылқының

сақау, мүйізді ірі қараның теміреткі, оқыра, қойдың қышыма қотырына қарсы пайдалынатын дәрі-дәрмектер тегін берілетін болды. Осы мақсатқа бір ғана біздің ауданға мемлекеттен 6607000 тенге бөлініп отыр. Бұл жұмыстарды коммуналдық қызметке жататын жергілікті жерлердегі малемгерлері жүргізеді. Сойылатын, сатылатын немесе өлген малдар иелерінің хабарлауымен мал емгерлері тексеріп көргеннен кейін ғана есептен алынып, базадан шығарылады.


Қазір ауданымызда мал індеттерінің алдын алу, төрт түлікті бірегейлендіру жұмыстары жаппай жүргізіле бастады. Осыған байланысты біз барлық меншік иелерінен маңызды маусымдық шараларға түсіністікпен қарап қолда бар малдарын түгелдей малемгерлеріне көрсетулерін сұраймыз.

■ Келбет

ЕВГЕНИЙ ӨЗІН БАҚЫТТЫ АДАМ САНАЙДЫ

Евгений Михайлович Кильтердің ұлты - эстон. Алайда оның жергілікті ұлтқа, қазақтарға бауыр басып кеткендігі сондай түпкі отанын, өз қандастарын іздеп жатпайды. Өйткені, оны мұнда ешкім де бөлектемейді, шетке қақпайды. Достарының көбі де қазақтар. Оны қойып үлкен ұлы Михаилды да қазақ қызына үйлендіріп, көршісімен құдандалы болып алды. Жергілікті халықтың салт-дәстүрін де сақтап осы келініне құда түсуге спортта табысқан достары Төлеген мен Қабдолданы жіберді.

Евгенийдің әкесі марқұм Михаил Самуилович те жергілікті ұлттың қадірін жақсы білген адам еді. Кеңестің заманда тәрбиеленіп, өмір сүрсе де ол қазақтармен тек қазақша сөйлесетін, қазақтың мақал-мәтелдерін де жақсы білетін. Соғыс және еңбек ардагері М. Кильтер Катонқарағай өндірістік жол пайдалану учаскесінде бастық, «Алтай» кеңшарының бірінші бөлімшесінде басқарушы бола жүріп ауданымыздың экономикасын дамытуға, халықтар достығын нығайтуға сүбелі өз үлесін қосты. Бұл еңбегін бағалаған катонқарағайлықтар ауылдың Алтай бөлігіндегі бір көшеге оның есімін беріп, мәңгі есте қалдырып отыр. Туған жеріне, екінші отанына деген сүйіспеншілік сезімін, қазақ халқына деген ризашылығын ол екінші ұлы Евгенийдің де бойына дарыта білді. «Әке көріп оқ жонған» Евгений еркін күрестен өткен одақтық біріншіліктерге, халықаралық жарыстарға «қазақстандықпын» деп барды. Сол жарыстарда бірнеше рет жүлдегер атанып Қазақстан спортының абыройын асқақтатты. Еркін күрестен КСРО спорт шебері Е.Кильтер



бүгінде зейнеткер, бір әулеттің басы, қамқор әке, қадір-лі ата. Тоқсаныншы жылдарда мемлекеттік меншік жойылып, кеңшарлар таратыла бастағанда құрған «Үш күлен» шаруа қожалығын дамытып ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысып отыр. Бүгінгі күні Евгений Михайловичтің иелігінде жүзге тарта ара ұясы, отыздан астам мүйізді ірі қара малы мен үйір-үйір жылқы бар. Қыстақтағы жұмыстарды атқаруға Евгенийге жолдасы Оля мен көмекшісі Валерий Богомолов көмектеседі.

Қиындыққа қайыспайтын батыл азамат Е. Кильтер өз жағдайын өз қолымен жасап алған. Мойылды ауылынан оншақты километр төмен, Бұқтырма өзенінің бойындағы табиғаты әсем жерге қазық қаққан ол өз жұмысын жол салудан бастаған. Салт атпен ғана жүрілетін сүрлеу жолын қазып, жартастарын жарып машина баратындай етіп кеңейтіп алғаннан соң екі тұрғын үй, монша, мал қоралары мен омшаник салып алды. Екі тұрғын үйдің бірінде өзі отбасымен тұрса, екіншісін келетін қонақтарға, демалушыларға арнады.

-Біздің жерде мал өсіруге, ара ұстауға барлық жағдай бар,- дейді Е. Кильтер. -Тек балдан өзге, өндірген өнімдерімізді дұрыс бағаға сатуда көп қиналамыз.

Евгений Михайловичтің отбасын спорттық отбасы деп айтуға толық негіз бар. Оның үш ұлы: Михаил, Андрей, Евгений әке жолын қуып мектеп қабырғасынан бастап спортпен айналысқан. Соңғы екеуі аудандық облыстық жарыстарда бірнеше рет топты да жарды.

Бұл өмірде қуаныш пен қайғы қатар жүреді емес пе? Осыдан бірнеше жыл бұрын Андрей ауыр науқасқа ұшырап, өмірден озды. Сүйікті ұлының өлімі жанына қатты батқанымен Төлеген Көкенов, Қабдолда Мәмиев, Халел Мамырханов, Ертай Кешілбаев сынды достарының, ауылдастарының сүйемелдеуімен, қайраттандыруымен морт сынбады, есін тез жиып, бойын тіктеді. Жақында Өскемен қаласындағы орталық спорттық клубта ережесіз жарыстан жаттықтырушы болып жүрген кіші ұлы Евгенийдің демеушілігімен еркін күрестен Андрейді еске алуға арналған жарыс өткізіп, оған облыстың түкпір-түкпірінен палуандарды шақырды. Жарысты да жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізді, жүлдегерлерді де бағалы сыйлықтармен риза етті.

Менің Отаным - Қазақстан,- дейді Е. Кильтер. - Менде басқа Отан жоқ. Алпыстан асқан жасымда біздің әулетімізді, не менің өзімді ешкім сен эстонсың деп айтып, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға да ешкім бөгет, не тиым салып көрген жоқ. Осындай жері қандай кең болса, өзі де сондай кеңпейіл елде туғаным қуанамын және де өзімді бақытты санаймын.

Материалдарды даярлаған: Жәнібек Қызыр.

Болашағы бір тұмас ел

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӨҢІРЕГІНЕ ТОПТАСУЫМЫЗ КЕРЕК

Қазақстан халқы мемлекеттік тілдің төңірегінетоптасуы, біртұтасұлтретінде ұйысуы тиіс. Өскемен қаласындағы Оқушылар шығармашылық сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптама кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері Дос Көшім мен белгілі саясаттанушы Айдос Сарымның қатысуымен өткен орыс тілді азаматтарға арналған дөңгелек үстел барысында бұл мәселе жанжақты талқыланды. Дөңгелек үстелге облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қатысты.

Ең алдымен, аталған шараның Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты арнайы жобасының аясында өтіп отырғанын атап айтқанымыз жөн. Аталған министрліктің қолдауымен арнайы жобаның жұмыс тобы өткен жылдан бері Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Петропавл секілді бірнеше облыстарда орыстілді азаматтарға арналған кездесулер мен семинарлар өткізген екен. Қазанның 15-сі мен 22-сі аралығында кездесулер мен семинарлар легі біздің өңірімізде жалғасып, барлығы 12 шара ұйымдастырылыпты. Иә, дөңгелек үстелдегі негізгі әңгіме тақырыбы мемлекеттік тіл мәселесі төңірегінде өрбіді.

– Осыдан үш-төрт жыл бұрын Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ өзінің кезекті Жолдауында 2020 жылға қарай елімізде мемлекеттік тілді меңгергендердің үлесі 95 пайызға жетуі тиіс деген болатын. Қалай ойлайсыздар, алға қойған бұл мақсатқа қол жеткізе аламыз ба? Енді бір 4-5 жылда қазақ тілін білетіндердің саны 95 пайызға жете ме? Алға қойған осынау мақсатқа жетуге бізге не кедергі болып отыр?

Дөңгелек үстелдің тізгінін ұстаған белгілі саясаткер, Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптама кеңесінің мүшесі Дос Көшім жиналған қауымға көкейді мазалаған осынау сауалды төтесінен қойды. Оның айтуынша, бүгінгі дөңгелек үстелді өткізудегі мақсат та осы, яғни, мемлекеттік тілдің дамуына тұсау болып отырған факторларды анықтау, әсіресе, орыстілді азаматтар арасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің қандай екенін білу. Өйткені, қазақ тілі – тек бір ғана халықтың тілі емес, бұл – біздің ортақ тіліміз, мемлекеттік тіл. Тәуелсіздік алғаннан бері қаншама қазақ мектептері ашылып, мемлекеттік тілді тегін оқыту орталықтары көптеп жұмыс істегенімен, тіл мәселесі әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Әсіресе, бұл мәселе Петропавл, Қостанай, Шығыс Қазақстан секілді орыс ұлтының өкілі басым аймақтарда өзекті күйінде қалуда.

– Менің жасым – 55-те. Кеңестік заманда білім алғандықтан, мектепте қазақ тілін оқыған жоқпын. Қазіргі күні мен қазақ тілін үйренуге мәжбүрмін. Қазақ тілін оқыту орталығындағы оқытушы мені қазақ тіліндегі сөзді бірден оқуға мәжбүрлейді. Аға ұрпақтың өкілі болғандықтан, бізге қазір өте қиын, – деді дөңгелек үстелге қатысушы орыс ұлтының өкілі.

– Алпысыншы жылдары бізге ата-аналарымыз «Балам, орыс тілін үйрен, орысша оқысаң, адам боласың» дейтін. Қазір жағдай өзгерді. Енді керісінше «Қазақ тілін үйрен, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп сіздер өз балаларыңызға айтуларыңыз керек, – деді Дос Көшім.

Ол өз сөзінде бұған саяси сипат берудің ешқандай қажеті жоқтығын, бұл бар болғаны лингвистикалық мәселе екенін ерекше атап айтты. Өйткені, қазақ тілділердің арасында өзге ұлт өкілдері, ал

орыс тілділердің арасында қазақтардың өздері де бар.

Дөңгелек үстелде осынау пікірді саясаттанушы Айдос Сарым жалғастырды.

– Ата Заңымызға сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Міне, тәуелсіздігімізді алғанымызға 24 жылдың жүзі болды, ал «Тіл туралы» Заңымыз одан да ертерек, 1989 жылы қабылданды. Бірақ соған қарамастан, біз бұл мәселемен әлі де бетпе-бет кездесіп отырмыз, – деген Айдос Сарым дөңгелек үстелге жиналған орыстілді қауымға мемлекеттік тілдің не үшін керек екенін де есіне салды. Бұл – ең алдымен өзің тұратын, нанын жеп, суын ішіп отырған елге, жерге деген құрмет. Сондай-ақ, Айдос Сарым көп жылдар бойы қазақ тіліне деген сұраныстың болмағанын да айтты. Мемлекеттік тілге деген сұраныс болғанда, бәлкім, жағдай бұдан да өзгеше болар ма еді? Мұқтаждық бар жерде, мәселенің шешімі де болмақ. Бірақ жағдайдың бұдан әрі жалғаса беруі мүмкін емес. Баяу болса да, мемлекеттік тіл саласында ілгерілеушілік бар. Оның айтуынша, биылғы мектеп табалдырығын аттағандардың 70 пайызы қазақ балалары. Бұл дегеніңіз, үлкен тілдік орта, мемлекеттік тілдің қанат жаюы деген сөз.

– Мен облыс басшылығындағы лауазымды тұлға ретінде емес, жай ғана Қазақстанның азаматы ретінде өз пікірімді ортаға салғым келеді. Меніңше, бұл жерде бар мәселе қазақ тілін оқытудың әдістемесінде жатқан секілді. Иә, біз 11 жыл бойы орыс мектебінде қазақ тілін оқып келеміз. Мемлекеттің қыруар қаржысына оқулықтар сатып аламыз, мұғалімдерге жалақы төлейміз. Бірақ нәтижесі жоқ.

11 сынып бітірген Полинамыз қазақ тілінде бір ауыз сөз білмей кетеді. Бұл Өскемен, Зырян, Риддер қаласындағы мектептерге де қатысты. Сол секілді мысал үшін алсақ, Тарбағатайдағы Айдын да орыс тілін он бір жыл бойы оқыса да, бұл тілді жақсы меңгеріп кетпейді.

Олардың екеуі де ағылшын тілін неше жыл оқыса да, мүлдем білмейді. Мен кейде мектеп басшыларынан неге бұлай екенін сұраймын. Бірақ бұл сауалға олардың ешқайсысы нақты жауап бермейді. Қазіргі күні біз облыс әкімінің тапсырмасымен қазақ, ағылшын тілдерін оқытудың аймақтық бағдарламасын жасаудамыз.

Бұл бағдарлама бойынша мысалға келтірген Полинамыз қазақ тілінің базалық деңгейін меңгеріп шығуы тиіс. Яғни, небір ережелермен оқушының басын қатырмай, қазақ тілін тым болмаса тұрмыстық деңгейде меңгеруіне жағдай жасауымыз керек. Аймақтық бағдарлама Кембридж университетінің бағдарламасына негізделген, – деді дөңгелек үстелде сөз алған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар. Сондай-ақ, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты мемлекеттік тілді насихаттау бойынша өткен дөңгелек үстелде Шығыс Қазақстан лингвистикалық орталығының директоры Бақыт Ағажәева, «Нұр Отан» партиясы Өскемен қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Майраш Екібасова және тағы басқалар сөз алып, өз пікірлерін ортаға салды.

Осы күні Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптама кеңесінің мүшесі Дос Көшім мен саясаттанушы Айдос Сарым, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Айдын Шаймарданов бастаған топ облыстық ақпараттық орталықта да журналистермен кездесіп, баспасөз мәслихатын өткізді.

Мейрамтай Иманғали.

АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛДЫ



Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы биыл бірқатар маңызды қоғамдық-саяси іс-шараларды ұйымдастырып, өткізді. Олардың қатарында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясы, Бірлік күні, Жеңіс күні, Президент сайлауының іс-шаралары, Пасха мейрамы, этноауылдағы республикалық ағаш отырғызу акциясы, орыс өнерінің «Беловодье» халықаралық фестивалі және басқалар бар.

Атап айтар болсақ, «Барвинок» украин шығармашылық ұжымының есептік концерті, украин тілінің ашық сабағы болып өтті. Ал «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын талқылаған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысы болып, оған этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Шығыс Қазақстан делегациясы «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» жобасы аясында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған Орал қаласындағы «Шерлі шежіре аманаты» халықаралық форумына қатысты. Осындай еске алу шаралары облыстың барлық қала-аудандарында, Достық үйлерінде өтті.

Өңіраралық байланыстарды дамыту, оның ішінде «Алтай – біздің ортақ үйіміз» трансшекаралық ынтымақтастық жобасын, көршілес өңірлермен мәдени ынтымақтастықты іске асыру аясында этномәдени бірлестіктердің «Бастеньки», «Товарки» шығармашылық ұжымдары, «Иртыш Моннары» татар халықтық ән-би ансамблі Ресейдің Алтай өлкесінде өткен бүкілресейлік дәстүрлі мәдениет фестиваліне қатысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығымен бірге Рәміздер күніне орай «Қазақстандық бірегейлік – азаматтық қоғамды қалыптастырудың шарты» семинарын өткізді, оған облыстағы жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғалымдары қатысты. Олар қазақстандық бірегейліктің ерекшеліктерін және әлеуметтік-мәдени институттардың біртұтас ұлт қалыптастыруға қосқан үлесін талқыға салды.

Топ мүшелері Шемонайха ауданындағы және Риддер қаласындағы «Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр» көшпелі семинар-тренингтеріне атсалысты. Қатысушылар қоғамдық ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және жастардың Ұлт жоспарын іске асырудағы рөлін, үштілділікке үйрету мәселесін талқылады.

«Зубр» әлеуметтік корпоративтік орталығының «Ұлтаралық қарым-қатынас мәселелері бойынша кешенді оқыту» жобасын іске асыру аясында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы ішкі саясат басқармасымен бірге «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын, бес институттық реформаны ұлтаралық қарым-қатынас контекстінде түсіндіру үшін Риддер және Шемонайха тұрғындарымен жеті кездесу өткізді. Басқосуларға барлығы үш жүзге жуық адам қатысты. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру өңірлік орталығында ұлтаралық келісім жөнінде төрт дәріс оқылды.

Ұлтаралық бағыттағы басты халықаралық іс-шара барысында Өскеменде Кеңес Одағының Батыры, татар ақыны Мұса Жәлелге ескерткіш ашылып, сабантой болды. Мерекелік іс-шараларға Татарстанның мәдениет министрі А.Сибәғатуллин бастаған делегация, облыс қалалары мен аудандарынан келген этномәдени бірлестіктер қатысты. Ескерткіш тұрғызуға қаражат «Идел» Қазақстан татарларының қауымдастығы өткізген «Халық батырына – халықтан ескерткіш» акциясы аясында жиналды. Қаржы жинауға Семей, Қызылорда, Астана, Алматы қалаларының және Татарстанның ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, жүз елуден астам заңды және жеке тұлға, қалалық және облыстық мәслихаттардың депутаттары үлес қосты.

Шығыс-Ақпарат.

ТЕХНОЛОГИЯ КОЛЛЕДЖІНІҢ МЕРЕҮТОҰЫ

Қаһарлы соғыстың жалыны сөне бастаған сонау 1945 жылдың 12-ші наурызында Зайсан ауданының Қаратал ауылындағы МТС жанынан ауыл шаруашылығы және механизаторлар әзірлейтін оқу орны ашылды. Оның алғашқы директоры болып Досмұхамбет Сиырбаев тағайындалды.

Сол жылдың бірінші қыркүйегінде сабақ басталған кезде мектепте бір шынжыр табанды трактор, төрт ат, екі өгіз, он қой, бір комбайн, екі қап оқулық болды. Ауданның бірнеше ауылынан және көрші елді мекендерден мектепке 89 адам қабылданып, олар үш айдан кейін механизатор мамандығын иеленіп, СТЗ, ЧТЗ тракторларымен жұмысқа кірісіп кетті. Ал 1946 жылдың 3-ші тамызында ауыл шаруашылығы мамандарын әзірлейтін оқу орны Зайсан қаласына ауыстырылды.

Міне, содан бері 70 жыл зу етіп өте шықты. Осы уақытта ондаған мың адам оқу орнын бітіріп, ауыл шаруашылығын өркендетуге үлес қосты. Олардың арасында аудан, кеңшарларды басқарған, еліне елеулі, бірнеше орден-медалдармен марапатталған еңбек ардагерлері бар. Оқу орнын екі рет басқарып, оның материалдық-техникалық базасын жақсартуға лайықты үлес қосқан Б.Күленов, әр жылдары училищеге жетекшілік еткен өз ісінің шеберлері М.Досманов, А.Бақаев, А.Земцов, Ә.Бексейітов, Аманжол

Зәкиев, Әлия Қасымова, тағы басқалар жайында ерекше атап кетуге болады. Қазіргі кезде Зайсан технология колледжінде тракторшы, автомобиль жүргізуші, аспаз, газ-электрмен дәнекерлеуші, ауыл шаруашылығы өндірісінің шебері, фермер, дербес компьютер операторы сияқты мамандар әзірленеді. Студенттерге тегін тағам беріледі, барлық жағдай жасалған. Аудан әкімі А.Оңдақанов оқу орнында болып, болашақ мамандардың жағдайымен танысып тұрады.

Соңғы екі жылда ғана колледж студенттері республикалық, облыстық олимпиадалар мен жарыстарға тұрақты қатысып, өздерінің терең білім алып жатқанын дәлелдеп келеді. Атап айтқанда, колледж директорының орынбасары Армангүл Нүркенованың шәкірті Перизат Төлепбергенова «Ғылым өрлеу жолында» деген облыстық байқауда үшінші орынды иеленді. Нәзигүл Шайкинова жетекшілік ететін трактор-машинист тобының студенті Айбек Ерғазиев облыстық байқауда екінші орынды жеңіп алды. Оқу орнының ұстаздары Ж.Қабиева, Д.Қайрақбаев баптаған Е.Мәмиев пен А.Ерғазиев деген студенттер «Үздік дәнекерлеуші» деген облыстық байқауда жүлдеге ие болды. Әсемғазы Оңғарбаевтың шәкірті Асқақ Жұртбаев «Үздік механизатор» деген байқауда табысқа жеткен. Мұндай мысалдарды айта берсе, таусылмайды.

Міне, ауданды былай қойып, облысқа қажетті

мамандар әзірлеп отырған Зайсан технология колледжіне 70 жыл толды. Жуықта аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын болды. Жиынды ашқан аудан әкімі Алмас Оңдақанов колледждің 70 жылда асқар асулардан асқанын, соғыстан кейін ауыл шаруашылығына қажет мамандарды дайындап, оларды өңірдің бірнеше аудандарына жібергенін қызықты деректермен келтіріп, колледж ұжымын мерейтоймен құттықтады. Бұдан кейін облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы Қ.Оспанғалиев, облыстық техникалық және кәсіптік білім беру орталығының директоры Л.Кездікбаева, Зайсан технология колледжінің директоры Е.Сейілханов, колледж түлегі Ф.Қойшыманов сөз алып, алда тұрған міндеттерге, Елбасы Жолдауындағы 100 нақты қадамға іс жүзінде жауап беретіндерін айтты. Қай мереке марапатсыз болған, колледж ардагерлеріне, ұстаздарға, әлеуметтік серіктестік басшыларына түрлі сыйлықтар мен ескерткіш медальдар тапсырылды. Салтанатты жиын концерттік бағдарламамен жалғасты. Ардагерлер есімі берілген сынып бөлмелерін ашу салтанаты да ел есінде қаларлықтай тартымды өтті.

Оңдасын Елубай.
Зайсан ауданы.



ЭКОНОМИКАДА СЕРПІНТУҒЫЗАДЫ

Жақында Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ дүниежүзілік экономиканың ахуалын ескере отырып «2007-2009 жылдардағыдан да күшті, нағыз дағдарыс дендеп келеді» – деп ескертті. Алпауыт мемлекеттердің өзін шайқалтқан дағдарыстар салқынының біздің елімізге де әсері бар. Оқтын-оқтын айналып өткен әр деңгейдегі дағдарыстарға біз бұған дейін де төтеп бердік. Алда тұрған қиын кезеңді елдегі бірліктің арқасында еңсеру Қазақстан халқы үшін үлкен сын.

Бұл уақытша қиындықты жеңудің стратегиялық бағытынан, нақты жоспарынан құралақан емеспіз. Бұған дәлел – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ халыққа арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында берілген басты бағыт пен күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қабылдануы.

«Нұрлы жол» бағдарламасы мен Ұлт жоспары жаһандық қатерлерден туындайтын сыртқы факторларға қарсы жауап қана емес, ішкі экономикалық өсімді қамтамасыз ететін кешенді шаралар болып табылады.

Өз кезегінде барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде осы стратегиялық бағытты басшылыққа алып, оның орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері өзіне жүктелген міндеттер шеңберінде «Нұрлы жол» Жолдауын жүзеге асыруға атсалысып келеді. Кәсіпкерлікті қолдаудың бағыттары мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, оны сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалға беру болып табылады. Егеменді еліміз нарықтық экономика жолын таңдағаннан бастап мемлекеттік мүлікті жеке кәсіпкерлік субъектілеріне сату экономикалық реформалардың басты бағыты болып келеді. Бизнес мемлекетке қарағанда табысты менеджер екенін уақыт көрсетіп отыр. Жекеменшік секторы уақыт талабына сай болып жатқан өзгерістерге, жаңа технологияларды батыл түрде пайдалануға бейім келеді.

Мемлекет Басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Ұлттық экономикадағы мемлекеттің үлесін азайту туралы сөз қозғады, сондықтан «2020 жылға қарай Ұлттық экономикадағы мемлекеттік меншік үлесін Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының елдеріндегі деңгейге – жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 15%-на дейін жеткізу» бағытында мақсаттық индикатор пайда болды. Қазақстан Республикасы Президентінің бұл тапсырмасын орындау барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 қаулысымен Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Жоспарда 2016 жылға дейін 850-ден астам мемлекеттік (республикалық және коммуналдық меншіктегі) және квазимемлекеттік (Ұлттық холдингілердің активтері) кәсіпорындар

жекешелендіретін болады.

Елімізде жекешелендіруді жүргізудің негізгі принциптері – ол үрдістің ашық, жариялы түрде өткізіліп, халықтың кең ауқымының қолжетімділігін қамтамасыз ету, соның арқасында мемлекеттік мүліктің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етіп, бюджетке неғұрлым көп кіріс келтіру. Сондықтан, қазіргі кезде жекешелендіру бойынша аукциондар «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы құрған «Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында электрондық сауда-саттық өткізу» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Сауда-саттықты электрондық түрде өткізу сатушы мен әлеуетті сатып алушы арасындағы тікелей байланысты толықтай болдырмайды, соның арқасында үрдіс кезінде сыбайлас жемқорлық факторларына жол бермейді. Сонымен қатар, электрондық сатып алу өзінің ашықтығы мен қолжетімділігі арқасында әлеуетті қатынасушылардың санын көбейтіп, нысанды алуға бәсекелестікті еселеп, олардың барынша жоғары бағаға өткізілуі арқасында бюджет түсімін өсіреді.

Жыл басынан бастап Шығыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 12 электрондық аукцион өткізіп, онда 94 мүлік жекешелендіріліп, мемлекеттік бюджетке 26,900 мың теңге кіріс келтірді. Аукциондарда сатылған мүліктің дені – кәсіпкерлікке қажетті техника мен жылжымайтын мүлік нысандары.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар аясында мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен оның құрылымдық бөлімшелеріне жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану бойынша шаралар жүктелді.

Департамент 2015 жылы өткізген электрондық аукциондарда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлік 15,394 мың теңгеге сатылды.

Мемлекет меншігіндегі артық мүлік пен алаңдарды заңмен бекітілген тәртіппен жалға беру немесе сенімгерлік басқаруға беру – кәсіпкерлік субъектілеріне жаңа өндірістер ашу мен қызмет көрсету саласын дамытуда көрсетілетін қолдаудың бірі болып табылады.

Бұл үрдістің де ашық және кең ауқымды болуын қамтамасыз ету мақсатында биылдан бастап мүліктік жалға берілетін нысандардың тізімі веб-порталға жариялануы, оларды мүлікті жалға беру жөніндегі өткізілетін тендердің құжат қабылдаудан бастап, жеңімпазды анықтау жөніндегі хаттамаға қол қоюға дейін электронды түрде жүргізу қолға алынып отыр.

Бүгінгі күні департамент жеке кәсіпкерлерге, жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға мүлікті жалға беру жөнінде 280 келісімшарт жасасқан, одан жыл

басынан бастап мемлекет бюджетіне 43,5 мың сомада кіріс келтірілген. Осының арқасында жалға алушылардың ірі кәсіпкерлік қызығушылық танытпайтын салада өз бизнестерін дамытып, жаңа өндірістерді ашуларына мүмкіндік туғызылып отыр. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру арқылы мемлекет бизнес мүлікті уақытша пайдалану кезінде өз мүмкіндіктерін бағалап, сенімгерлік басқаруға алған мүлікті ұтымды пайдалануда жеке бастамалар негізінде қызмет көрсету сапасын жақсартып, оған кететін шығынның мөлшерін азайтуға тырысады деп санайды.

2015 жылдың тоғыз айы ішінде департамент 50 жеке және заңды тұлғаларға жылжымайтын мүлік нысандарын сенімгерлік басқаруға берді. Сенімгерлік басқару арқасында 200 жаңа жұмыс орны ашылып отыр. Соның басым көпшілігі облыс аумағындағы қылмыстық-атқару мекемелерінде жазасын өтеп жатқан тұлғалар. Бұл істің нәтижесінде кәсіпкерлер өз кәсібін жүргізуге мемлекеттен бос үй-жайлар мен құрылғыларды басқаруға тегін алып, нәтижесінде өндірген заттары мен атқарған қызметтері үшін тиісті қосымша кірістер тауып, ал жазасын өтеушілер жұмыспен қамтылып, еңбекақы алып, көп жағдайларда сот шешімімен белгіленген айыппұлдарын өтеуге мүмкіндік алып отыр.

Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі «100 нақты қадам» жоспарында мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру, мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту көзделген.

Мемлекетке тән емес қызметпен айналысатын салаларды шағындау, бюджеттен ғимараттар мен автокөліктерге жұмсалатын қаржы көлемін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық мекемелері орналасқан ғимараттар мен олардың автокөліктеріне бірыңғай теңгерім ұстаушы болып Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық бөлімшелері белгіленді.

Бұл шара басқа мемлекеттік мекемелерді мүлікке қатысты мәселелермен айналысудан босатып, мүлікті ұстауға қажетті қаражатты қысқартып, штатты оңтайландырып, мүлікке қызмет көрсету жұмыстарын орындауға, шағын кәсіпкерлік субъектілерін тартуға мүмкіндік береді.

Бұл атқарылып жатқан игі істердің қарқыны департамент қызметкерлерінің басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында белгіленген тапсырмалардың орындалуын жүйелі сипатта жүргізіп жатқанын, болашақта да Шығыс Қазақстан өңірінің, жалпы Қазақстанның жарқын болашағы үшін аянбай тер төгіп, ол үшін күш-жігерлерін біріктіретініне сенімдімін.

Ш. Жанұзақов,
ШҚО мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру департаментінің
басшысы.

ТАРИХИ ОРЫНДАРЫН АРАЛАП ҚАЙТТЫ

Биылғы шілде, тамыз айларында Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлы Абайдың дүниеге келгеніне 170 жыл толуына орай Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейінің Қарауыл ауылындағы филиалының ұйымдастыруымен «Шежірелі Шыңғыстау сыр шертеді» атты тақырыпты арқау еткен экспедиция Шыңғыстаудың тарихи орындарын зерттеп қайтқан болатын.

Экспедиция құрамында белгілі ақын Төлеген Жанғалиев, аудан өлкесі мен тарихын зерттеуші, шежірелі қария Серікқазы Шабданов, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және денешынықтыру бөлімінің бас маманы, әдебиетші Елдар Оразалы және Қарауылдағы тарихи-өлкетану мұражайының меңгерушісі Малғаждар Жүнісжанов, аудандық мәдениет үйінің директоры Сайлау Нұрпейісов болды. Экспедицияны басқарған шежірелі қария Серікқазы Шабданов экспедиция мүшелеріне өзінің Шәкерімнің ұлы Ахаттан естіп-білген жерлерін көрсетті. Бұл тарихи мекендерді білетін адамдар қазір жоқтың қасы.

Экспедиция мүшелері ең алдымен Шәкерім қыстауына ат басын тіреп, ондағы бойына қос ғасыр бойғы сырды бүккен Қодар құдығын көріп, тамашалады.

— Шәкерімнің қорасына өткен ғасырдың 60-ыншы жылдары атты адам құрығымен еркін кіретін, — дейді жолбастаушымыз Серікқазы Шабданов. Иесіз жатқан қора жауын-шашынның дүлей күшіне шыдамай мүжіліп бітіпті. Қодардың құдығы да таспен қаланған, бірақ бітеліп қалыпты. Әсіресе, Құнанбайдың бәйбішесі Күнкенің тұрған үйі мен қора-қопсысы жақсы сақталыпты. Мал қорасы таудың тасымен, ал үйі саман кірпіштен қаланыпты. Барлық құрылыстың ұзындығы 30 метр, ені 21 метр, осы қорада мыңғырған қой,

кісінеген жылқы болғаны айтпаса да түсінікті.

Күнке Ағанасқызы Сыбанның Жанкөбегінен. Аяғез ауданының Ақшатау ауылында дүниеге келген, бір өкініштісі, бұл кісінің туған және қайтыс болған жылдары жөнінен ешқандай дерек сақталмаған. Осы Күнкеден Шәкерім қажы тараған. Құнанбай кейінгі тоқалдарын осы Күнкемен ақылдаса отырып алған деген де әңгімелер көп.

Осы жерге тақау жерде Айғыздың үй-жайы мен қора-қопсысының орнын, зиратын көрдік. Айғыз — Құнанбайдың Күнке мен Ұлжаннан кейінгі үшінші әйелі. Бір қызығы, осы үш әйелінің де қонысы бір-біріне таяу орналасқан. Құнанбайдың шешесі Зере олардың үйлерінде кезектесіп тұра берген. Айғыз өте сұлу адам болған. Ел аузындағы әңгімелерге құлақ түрсек, Айғыз Абайдың екінші анасы болған деген әңгімені жиі естиміз.

Келесі аялдамамыз — Халиолланың бейіті. Халиолла жөнінен жергілікті әдебиетші Әсет Мырзақасым көп зерттеп жүр. Халиолла Омбыда кадет корпусында жүргенде, небары 22 жасында құрт ауруына шалдығып, қайтыс болған.

— Маған бұл бейітті Ахат Шәкерімұлы көрсетті, ол кісі көзінің тірісінде Күнкенің зиратына жиі келетін, құран бағыштайтын, — дейді Серікқазы Шабданов. Алайда, осы экспедициядан хабары бар кейбір көнекөз ақсақалдар Халиолла ол жерде емес, Ақшоқыда жерленген деген пікір айтуда. Сондықтан Халиолла бейітінің қайда екенін әлі де зерттеу керек сияқты.

Абайдың шығармаларын жинап, баспаға әзірлеген Мүрсейіт Бікеұлының қора-жайы мен зираты осы маңда орналасыпты. Бұл адам 1860 жылы туып, 1917 жылы қайтыс болыпты. Мүрсейіт өте білімді, орысша сауатты адам болған. Абай оған бала оқытуға кеңес берген. Мүрсейіт

Абайдың өлеңдерін зерттеп, оны қазақтың ұлттық қорына, Семейдегі Абай мұражайына өткізген. 1909 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын шығаруға жәрдемдескен осы — Мүрсейіт.

Экспедиция мүшелері Ұлы Абайдың сүйіктісі болған Тоғжан зиратына да ат басын тіреді. Тоғжанның басына елін, жерін қадірлейтін Мүбәрак Мұхтарұлының баласы Дәулет қоршау жасап, қабіріне құлпытас қойыпты. Тоғжан 82 жас өмір сүріп, 1927 жылы қайтыс болыпты. Абай мен Тоғжанның арасында шынайы махаббат болғаны ақиқат. Алайда, Тоғжан Доғал бидің Найман деген ұлынан туған немересі Аққозыға атастырылып қойғандықтан, Абайдың әйелі болуға құдай жазбапты.

Аққозы мен Тоғжанның Ақылбай, Ақбай деген ұлдары болған. Осы зиратқа тақау жерде Машан тауының бөктерінде «Аққозы» деген қыстау осы Ақылбайдікі екен. Қыстау сол қалпында сақталған, таудың тастарымен қаланған. Оны қазір Қалиолла Садырбаевтың ұрпақтары пайдаланып отырған көрінеді.

Тоғжаннан кейін Би ата ауылының күнбатыс бетінде орналасқан әкесі Сүйіндік Жанкөбекұлының зиратына соқтық. Зираттың басына Ахат ақсақалдың нұсқауымен біздің жолбастаушымыз Серікқазы Шабданов құлпытас қойыпты. Бір өкініштісі сол, осы қора-жайлар мен қабірлердің басында Тоғжанның қабірінен басқаларында белгі жоқ. Осы қабірлерді білетін адамдар дүниеден өткенде, тарих ұмытылып қала ма деген ой келеді.

Малғаждар Жүнісжанов,
Семейдің облыстық тарихи-өлкетану
музейінің Абай ауданындағы
филиалы меңгерушісі.

ҮШ САТЫЛЫ СОТ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ



Облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Ержан Дәулиев өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен баспасөз мәслихатын өткізіп, ағымдағы жылдың тоғыз айында атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары — 100 нақты қадам» бағдарламасында сот саласына қатысты айтылған негізгі бағыттарға және алдағы уақытта сот жүйесін дамыту аясында алға қойылған мақсаттардан туындайтын мәселелерге кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, облыс соттарымен қаралған барлық істер мен материалдар былтыр 84 850 болса, биыл 98 534-ті құрап отыр. Яғни, өткен жылмен салыстырғанда 13 684 іске артық. Оның ішінде қылмыстық істер көрсеткіші 10,9%-ға кемісе, материалдық істер саны көбейген. Қылмыстық істер бойынша жалпы қаралған істердің бұзылғаны 0,3%-ды құрайды. Азаматтық істерге тоқталар болсақ, облыс бойынша есепті кезеңде аяқталған істер саны 40 117-ден 45 303-ке өскен. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, облыстық соттарда қаралған азаматтық істер саны жыл сайын артып келеді. Бұл — азамат тар мен заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін бірден сотқа жүгінетіндерін көрсетеді. Сондай-ақ, қоғам тарапынан соттарға деген сенімнің артқандығын байқатады. Мәселен, тоғыз айда жұмысқа қайта орналасу бойынша 111 өтініш қаралса, оның 33-інде талап қанағаттандырылған. Құқықтарының бұзылуы бойынша мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың атына азаматтардан сот өндірісіне түскен 584 арыздың 112-сі оң шешімін тапқан. Облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Е.Дәулиев жоғары азаматтық қоғам құндылықтарының талаптарына сай, бүгінгі таңда үш сатылы сот жүйесі енгізіліп, істерді қарау мерзімі айтарлықтай қысқармақ. Мемлекет басшысы соттар алдына міндет етіп қойғанындай, отандық және шетелдік инвесторлардың қалтқысыз сенімі үшін де елдегі сот қызметі барынша ашық та әділ, әрі жариялы болуы керектігін жеткізді. Бұл ретте Елбасы тапсырмасына орай, алдағы уақытта инвестициялық дауларға қатысты жеке сот өндірісі жасақталып, аталмыш саладағы дауларды қарайтын соттар құрылатын болады. Мұндағы сот отырыстары ағылшын тілінде жүргізілмек.

Мемлекет басшысының «Ұлт Жоспары — 100 нақты қадам» бағдарламасын орындауда барлық сот процестеріне дыбыс-бейне жүйесін енгізу мақсатында облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардағы 139 сот залдары жүз пайыз дыбыс-бейне жазба құрылғыларымен жабдықталған. Есепті кезеңде облыс соттарында жалпы қаралған істердің 97,9%-ы бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы қаралған.

Дәурен Аллабергенұлы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҰСТАЛДЫ

Облыс орталығында автокөліктің мемлекеттік нөмірлерін беруде жүйелі түрде пара алып келген полиция қызметкері ұсталды.

Өңірдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі хабарлағандай, облыстық ішкі істер департаментінің тіркеу-емтихан жұмыстары бөлімі бастығының орынбасары автокөлікке арналған мемлекеттік тіркелген нөмірлерді заңсыз бергені үшін бұған дейін де жүйелі түрде пара алып келген.

Нақтырақ айтар болсақ, айыпталушы делдал арқылы «танымал» 070 DDD 16 өңір тіркелген нөмірін заңсыз бергені үшін жеке тұлғадан 165 000 теңге көлемінде пара алған. Облыстық жемқорлыққа қарсы қызметі айыпталушыға қатысты қылмыстық істің қозғалғанын айтады. Қазір пара алушы мен делдал Өскемен қалалық ішкі істер басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамауға алынған.

Дәурен Аллабергенұлы.

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ МЫЗҒЫМАС БАСТАУЫ

Ата Заңымыздың алғашқы парағындағы жолдар «Біз — Қазақстан халқымыз» деген сөзден басталады. Яғни, бұл дегеніміз, біз — болашағы біртұтас елміз дегенді білдіреді. Біздің тағдырымыз бен тарихымыз ортақ, алға қойған асыл арманымыз бен мақсатымыз ортақ деген сөз. Шындап келгенде, біз — үлкен елміз — үлкен отбасымыз.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ осынау отбасындағы бірлік пен татулықты сақтауға үлкен еңбек сіңіріп келеді. Бірлігі мығым елде ғана береке, ынтымағы жарасқан елде ғана ырыстың болатынын біз тарихтан жақсы білеміз. Осы орайда кез келген шаңырақтағы берекенің бастауы — әйел екенін ерекше атап айтқым келеді. Мемлекет басшысы да халыққа арнаған өзінің Жолдауында бүгінде әйелдердің отбасының ғана емес, мемлекеттің де тірегі екенін ерекше атап өткен болатын.

Азаматтық сектордағы 16 жылдық қызметімде нәзік жандардың күнделікті адал еңбегімен өзінің отбасы үшін ғана емес, мемлекетіміздің көркеюі жолында да өлшеусіз еңбек етіп келе жатқанын өз көзіммен көріп, куә болып жүрмін. Осы орайда өзім жетекшілік ететін қоғамдық бірлестік облыс әкімдігімен бірлесіп, көптеген жобаларды жүзеге асырып жатыр. Бұл жобалардың өңірдегі әйелдердің жағдайының жақсарып, отбасылық мәселелердің түйінін тарқатуға септігі тиюде. Қазақстан халқының ұлттық идеясы — Мәңгілік Ел. Бұл — көңілдерге сенім, жүректерге үміт ұялататын жасампаз идея ғана емес, бұл — елдің ары қарайғы бірлігін бекемдеу жолындағы қоғамның өзі тудырған, өзі талап еткен қажеттілік, қазақстандықтардың өзара сенімі. «Мәңгілік Ел» — қазақстандық нәзік жандардың армандарының орындалуы, отбасылық құндылықтардың салтанат құруы, түптеп келгенде, «Мәңгілік Ел» — қоғамның рухани тұрғыдан жаңаруы, бірлік пен келісімнің мызғымас бастауы. Ендеше, әрбір қазақстандық осынау ұлы мақсат жолында тер төгіп, еңбек етуі тиіс деп санаймын.

Ирина Унжакова,
«Status» әйелдер федерациясы
қоғамдық бірлестігінің президенті.

ОБЛЫС АУДАНАРЫНДА

ЖІГІТ СҰЛТАНЫ АТАНДЫ

Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне орай облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 1-полиция батальоны жеке құрам арасында «Жігіт сұлтаны» сайысы өткізілді.

Аталған іс-шарада жеке құрамның алғыр жігіттері бақ сынады. Қатысушыларға қойылған шарттарды мүлдірмей орындап, қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаға ие болған МКҚБ 1-ПБ жедел ден қою взводының полицейі, полиция аға сержанты Сержан Чекеев жүлделі орынға ие болып, 1-полиция батальонының жігіт сұлтаны атанды. Сайыс жеңімпаздары МКҚБ мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды. Сайыс барысында қазылар алқасы мерекеге байланысты «Қазақ даласының атақты ұлдары» және «Қазақ хандары» тақырыбында қызметкерлер және қызметкерлердің балалары салған қабырға газеттерін де бағалады.

Сонымен қатар, МКҚБ 1-полиция батальоны жеке құрамына А.Пушкин атындағы облыстық кітапхананың маманы «Тәуке ханның жеті жарғы заңдар жинағының маңызы мен мәні» тақырыбында дәріс сабағын өткізді. Жеке құрамға ежелден келе жатқан Тәуке ханның Жеті жарғы заң жүйесі таныстырылды. Сондай-ақ, «Қазақ хандығының хронологиясы» тақырыбына слайд көрсетілді. Облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 1-полиция батальоны жеке құрамының қызметкерлеріне қазақ хандығының хронологиясынан сұрақтар қойып, қанағаттанарлық жауап алынды. Сондай-ақ, Өскемен қаласындағы этнографиялық саябаққа саяхат ұйымдастырылды.

Ф. Нұрқанов,
батальон командирінің міндетін атқарушы,
полиция майоры.

ҚҰҚЫҚ

ҚОЛҰШЫН БЕРУГЕ ТИІСПІЗ

«Альтернативник» республикалық режимдік-алдын алу шаралары өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – бас бостандығынан айырылмай сотталғандар арасында қайталап қылмыс жасаудың алдын алу.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты ауыр емес және орташа қылмыс жасағаны үшін сотталушы адамға бас бостандығынан айыру жазасынан басқа баламалы, яғни шартты мерзім, бас бостандығынан шектеу жазасын қолдану тәжірибеге енгені байқалуда.

Бұл бірінші рет сотталған адамды темір тордың арғы жағына жіберіп, өмірін күрт өзгертіп, қоғамнан мүлдем аластатып жібермеудің жолы деп айтсақ, қателеспейміз. Әрине, қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаға сотталған адамның Үкімет тарапынан оған берілген сенімді ақтауы, қоғамға пайдасы болуы тиіс. Алайда, кейбір сотталғандардың сенімді ақтап, дұрыс жолға түсудің, не болмаса тағайындалған жаза мерзімін тиісті орындаудың орнына, қайталап қылмыс жасап жатқанына куә болатынымыз да рас.

Ал сотталғанның қайталап қылмыс жасауына себеп ретінде жаза өтеу мерзімінде жүргізілген профилактикалық жұмыстардың аздығы деп санау дұрыс емес. Қоғамда ешкімге де керексіз болып, өзінің жолын таба алмай, жұмыс іздеп, тентіреп жүрген, болашақтан үміт үзіп, барар жер таппай, не болмаса үйі болса да, жұмыссыздықтан ішімдікке салынып жүрген азаматтарымыз қаншама.

Ал сотталған адамға тиісті уақытында көмек көрсетпей, дұрыс жолға бағыттамаған жағдайда оның келешек өмірі не болмақ деген сауал туындайды. Бұл адамның қандай екендігіне қарамастан, тиісті уақытта қол ұшын беріп, қоғамның толық мүшесі екендігін түсіндіре білуді ұмытпағанымыз жөн.

З.Баяхметова,
облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
Тарбағатай ауданы №1 қылмыстық-атқару
инспекциясының аға инспекторы.

КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Жоғары хоккей лигасындағы кезекті кездесуін сырт айдында өткізген «Торпедо» командасы 1:2 есебімен жеңіске жетті. Бұл жолы өскемендік жігіттердің қарсыласы Пензаның «Дизель» ұжымы болды.

Жерлестеріміз ойынның алғашқы кезеңінде-ақ есеп ашып, кімнің кім екенін бірден аңғартты. Алдымен командаластары А.Шин мен Д.Есіркеновтің пастарын ұтымды пайдаланған Е.Белухин қарсыластар қақпасынан саңылау тапты. Артынша кездесудің 12-ші минутында П.Канарский мен Е.Гасников бір-бірімен тамаша пас алмасу арқылы В.Жильяковқа соққы жасауға аса оңтайлы сәт туғызып берді. «Торпедо» шабуылшысы мүлт кеткен жоқ. Таблодағы есеп – 0:2. Қонақтардың пайдасына!

Соғылған екі бірдей шайбадан есеңгіреп қалған айдын иелері естерін үшінші кезеңде бірақ жинады. Жергілікті жанкүйерлер алдында жерге қарап қалмауды ойлаған «Дизель» хоккейшілері бар шеберліктерін салды. Нәтижесінде матчтың 59-шы минуты аяқталар сәтте қонақтар сапынан Чистяков есеп айырмасын бір шайбаға қысқарта алды. Бірақ таразы басын теңестіруге олардың уақыттары да, күш-қайраттары да жетпеді. Өйткені матч бойы жанталаса шабуылдаған «Дизель» командасының жігіттері тым шаршап қалған еді.

– Бүгін біз сапалы ойын өткіздік. Алайда біздің жігіттердің бұл кездесуде бар-жоғы екі шайба соғуы көңілге қонбады. Өйткені айдын иелері есеп айырмасын қысқартып қана қоймай, матч соңына қарай теңестіруге тырысты. Өйтсе де, шәкірттерім жақсы ойын өрнегін көрсетті, бірнеше қауіпті сәттер туғызды, – дейді «Торпедо» командасының бас бапкері Алексей Фетисов.

Серік Әбілхан.

Спорт

ҚАРСЫЛАС ШАҚ КЕЛТІРМЕДІ

Семейде грек-рим күресінен Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Болат Тұрлыханов атындағы дәстүрлі мемориалдық турнир өтті. Байрақты бәсекеге еліміздің түкпір-түкпірінен, сондай-ақ, әлемнің Иран, Украина, Оңтүстік Корея, Грузия, Беларусь, Армения, Қытай, Литва, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей елдерінен жиыны 150-дей балуан қатысты.

Атап айта кетейік, 1991 жылдан бері ұдайы және әртүрлі форматта өткізіліп келе жатқан бұл халықаралық дода Қазақ еліндегі грек-рим күресі бойынша Дүниежүзілік біріккен күрес түрлері федерациясының (Union Wrestling World) күнтізбесіне енген, ресми халықаралық мәртебе алған жалғыз турнир. Және жүлде қоры да қомақты.

Белдесулер Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген алты: 59, 66, 75, 85, 98 келіге дейін және 130 келі салмақ дәрежесінде өтті. Ал осынау дүбірлі спорт мерекесін Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров бастаған алыс-жақыннан ат шалдықтырып келген құрметті қонақтар тамашалады. Олардың қатарында КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, Әлем және Еуропаның екі дүркін чемпионы Сергей Демьяшевич, Әлем кубогының үш дүркін иегері Владимир Григорьев, Ресейдің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сергей Новаковский, Әлем кубогының төрт дүркін иегері, Еуропа чемпионы Бисолт Дециев, Мәдениет және спорт министрлігі денешынықтыру және спорт комитетінің төрағасы Елсияр Қанағатов, облыс әкімінің орынбасары Дүйсенғазы Мусин, Семей қаласының әкімі Ермак Сәлімов және басқалар болды.

Турнирдің ашылу рәсімінде сөз сөйлеген елімізге еңбегі сіңген ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Тұрлыхановтар әулетінің анасы Мәрзия Айтбайқызы жарысты өткізуге қолдау білдірген баршаға алғысын айтып, балуандарға сәттілік тіледі. Облыс әкімінің орынбасары Дүйсенғазы Мусин аймақ басшысы Даниал АХМЕТОВТИҢ атынан осы турнирдің ұйымдастырушысы Дәулет Тұрлыхановқа елімізде грек-рим күресінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқаны үшін алғыс хат пен арнайы сыйлық табыс етті.

– Бұл турнир – талай таланттың жолын ашқан турнир. Дәулет Тұрлыханов еліміздегі күрес саласының дамуына өте зор үлес қосып келеді. Бүгінде даңқты жерлесімізді дүниежүзінің спорт майталмандары мойындап, құрметтейді. Өңір спортына, әсіресе күрес түрлерінің дамуына қосқан еңбегіңіз бен жастардың салауатты өмір салтын ұстануына күш салғаныңыз үшін облыс әкімі Даниал АХМЕТОВ сізге алғысын білдіреді, – деген Дүйсенғазы Мусин аймақ басшысының атынан әкелген сыйлығын Дәулет Болатұлына тапсырды. Екі күн бойы қарт Семейдің төрінде жанкүйерлерді қызыққа бөктірген турнирдің қорытындысы бойынша 59 келі салмақта қырғызстандық Қаныбек Жолшыбеков, 66 келіде оңтүстіккореялық Рио Хан Су, 75 келіде отандасымыз Мақсат Ережепов, 85 келіде семейлік Нұрсұлтан Тұрсынов, 98 келіде белорусьтік Александр Храбовик, 130 келіден жоғары аса ауыр салмақта тағы бір қазақстандық Нұрмұхан Тыналиев бірінші орынды иеленіп, алтын медальмен бірге әрқайсысы 5 мың АҚШ долларын қанжығаларына байлады. Сол сияқты күміс жүлде иегерлері 3 мың, қола жүлдегерлер 1 мың АҚШ доллары көлемінде әрқайсысы ақшалай сыйлыққа ие болды.

Жалпыкомандалық бірінші орын да қазақстандық балуандарға бұйырды. – Бұл турнир тұңғыш рет 90-шы жылдардың басында ұйымдастырылған еді. Содан бері міне, дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан жарыстың деңгейі жылдан-жылға арта түсуде. Мәселен, былтырғымен салыстырғанда биылғы турнирдің мәртебесі өсіп, қатысушылардың саны да көбейген. Әкеміз дүниеден өтсе де, оның атын өшірмеуге бар күш-қайратымызды саламыз, – деп атап өткен даңқты балуан Дәулет Тұрлыханов жарыстың өтуіне қолдау көрсеткен облыстың және қаланың басшылығына алғысын білдірді.

Шығыс-Ақпарат.

ОРКЕСТР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі Зайсан қаласында және Қарабұлақ ауылында тегін концерт қойып, өнерсүйер қауымды ән мен жырға бөледі.

Оркестрмен бірге күміс көмей әншілер Нұрғали Нүсіпжанов, жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәлел Уәш келіп, халық өндерін нақышына келтіріп орындады.

Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің өнерін Риддер қаласы мен Ұлан ауданының тұрғындары да тамашалай алады. Мәдениет және спорт министрінің тапсырмасы бойынша гастрольге шыққан атақты оркестр ұжымының өнерін басқа да аудан тұрғындары көрмек.

Зайсан ауданы.

Патриоттық тәрбие

БҮГІНГІ ЖАС БУЫН - ЕРТЕҢГІ ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Жуықта Үлкен Нарын ауылдық лицейінде «Бүгінгі жас буын – ертеңгі ел қорғаны» әскери-саптық тақырыпта сайыс ұйымдастырылды. Оның мақсаты – жасөспірімдер бойына патриоттық сезімді ұялату, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін құрметтеуге, оны мақтан тұтуға баулу.

Аталмыш шара мемлекеттік Әнұранмен ашылды. Алғашқы құттықтау сөз кезегі ауданның қорғаныс істері бөлімінің бастығы, капитан Қуаныш Мұсапировқа берілді.

Ол әр взводқа жеңіс және сәттілік тіледі. Бірінші кезеңде әр взводтың атауы, ұраны және эмблемасы таныстырылды. Екінші кезеңде саптық әдіс-тәсілдер байқауы өтті. Бұл



кезеңде орнындағы бұрылыстар, бір қатардан екі қатарға және керісінше, саптан шығу, сапқа тұру сияқты саптық тәсілдер көрсетілді. Үшінші кезеңде әр командаға патриоттық тақырыпта сұрақтар берілді. Әр взводтың патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Бұл сайыста I орынды иеленіп, «Болашақ» взводы (6 «А» сыныбы) жеңіске жетті. II орынды – «Антитеррор» (7 «Б» сыныбы), «Т-34» (8 «Б» сыныбы) иеленді. III орынды «Барыс» (6 «Б» сыныбы) алды. Бұл сайысқа белсене қатысқан оқушылар - 6 сыныптар оқушылары Агарин Сергей, Серікқызы Әмина, 7 сыныптар оқушылары Әділбекова Зарина, Ладейщикова Елизавета, 8 сыныптар оқушылары Ришатқызы Адина, Ладейщикова



Софья.

Марапаттау рәсімін ауданның қорғаныс істері бөлімінің бастығы капитан Қ. Мұсапиров жүзеге асырды.

Сайыстың әділқазылар алқасына қорғаныс істері бөлімінің бастығы, Қ. Мұсапиров, лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И. Дәулетханова, «Мәңгілік ел» кабинетінің жетекшісі Е. Ильяшев сайланды.



Жалпы, әскери-саптық ойын қызықты да көңілді өтті.

Әлібек Құсманов,
ауылдық лицейдің алғашқы әскери
даярлық пәнінің мұғалімі.

Қайырымдылық

ҚОЛДАРЫ АШЫҚ, ЖҮРЕКТЕРІ
МЕЙІРІМДІ ЖАНДАР

1-қазаннан бастап бір ай бойы өткізілген қайырымдылық акциясында Белқарағай ауылдық округіндегі күш-қайраты бар азаматтар мен азаматшалар жоғары белсенділік көрсетті. Ауылдық әкімдіктің қызметкерлері бас болып, Белқарағай ауылының тұрғыны Иван Гладковты қыстық отынмен қамтамасыз етіп үй-жайын жуып тазартып, дүниелерін жинастырып тәртіпке келтірді. Сонымен бірге әкімшілік сәгірлік Бақты Смағұловаға да жәрдемдесіп, отбасына азық-түлік алып берді. Округ тұрғыны Бауыржан Жәркенов Б. Смағұлованың отбасын тікелей өз қамқорлығына алуға сөз беріп, немересіне вепосипед сыйлады. Медведка орманшылығы Сәгір ауылындағы Байтыжамал Дүзбенбековаға тегін отын босатып, оны Аслан Жұмақанов деген азамат жеткізіп берді. Әл-қуаты кетіп қартайған, он екі мүшесінің бірінен кем болып қалған ауылдастарына Құрманғазы Толықпаев, Айжан Қалибекова, Ақылбек Сағатжанов, Айдос Рахимов, Серден Қабылбаев, Серікқазы Самарханов, оралман қандасымыз Сағи Мамырбек те мейірімділік нұрын шашып, қолдарынан келген барлық көмектерін жасады.

Индира Мылжабаева.

КӨМЕК КӨРСЕТЕЙІК!

Мемлекеттің қолдау шараларына қарамастан халықтың кейбір бөлігі әлеуметтік көмекке мұқтаж.

Осыған байланысты, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі аудан тұрғындарынан тұрмысы төмен азаматтарға жанашырлық түрде ерікті көмек көрсетуді сұрайды. Бұл жұмыс Катонқарағай ауданының «Нұр Отан» партиясы филиалымен бірлесе отырып атқарылады.

Көмек түрінде берілетін тұрмыстық құралдар мен киім-кешектер жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асырылады, бөлім келесі мекен-жайда орналасқан Абылайхан көшесі 109 а, № 9 кабинет, телефондары 2-14-53, 2-70-34.

Лаура Тоқсанова,
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Табиғат және біз

ҚҰЖАТСЫЗ АҢ АУЛАУҒА, АҒАШ КЕСУГЕ
ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ

Заңсыз аң аулауға, ағаштарды кесуге, сирек кездесетін және жойылып кету қаупіндегі аң мен өсімдіктерді қорғауға қатысты қылмыстық жауапкершіліктер қазіргіден анағұрлым қатая түсуде. Өңірімізде ерекше қорғалатын жан-жануарлардың көбеюіне ықпал ететін шаралар жалғастырылуда. Аңшылық маусымның ашылуына байланысты қазіргі таңда рұқсат құжаттары бар аңшылар 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында елік, марал, аю, бұлан және құстар - үйрек пен құрға лицензия алып аңға шығуда.

Аң аулау үшін қажет негізгі құжат мыналар: аңшы куәлігі, мемлекеттік баж салығын

төлегені жөніндегі түбіртек, аңшы мылтығының рұқсат қағазы және аңшылық шаруашылыққа жолдама. Бұл құжаттарсыз аң аулауға тыйым салынады.

Ал, ережені ескермегендер - қатаң жауапкершілікке тартылады.

Сонау Зыряннан, Өскеменнен аңшылар автокөлікпен келіп, тау аралап, саятшылық жасауда. Қазіргі таңда заңсыз аң аулауға, заңсыз ағаш кесуге болмайды, бұл әрекеттер қатаң бақылануда.

Бүгінгі таңда қолға алынған шараның маңыздылығын арттыру мақсатында басқа да жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Туған елдің табиғатын аялайық, ағайын!

Б. Бұтабаев,
Новоберезовка орман
шаруашылығының орманшысы.

Хабарландырулар

Рыков атындағы орта мектебі КММ-не бухгалтер - 1 бірлік қажет.

Қойылатын талаптар: жоғары немесе арнаулы білімі, мамандығы бойынша еңбек өтілі болуы қажет.

Тел. 2-15-76.

Үлкен Нарын ауылының орталығында орналасқан қызмет жасап тұрған дүкен сатылады. **Тел. 8705282-42-48; 87719914509.**

Соғымға бір жарым жасар ұрғашы тайынша сатамыз. **Тел. 2-70-28 (кешке); 87772389088.**

2004 жылы Қазақстан Американдық Еркін Университетін бітіргендігі туралы **Абильмажин Арман Сагитханұлына** берілген сериясы ЖБ №0442271 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші: **Жанар Қасымханова**

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1665, «Луч»-1270. № 5774



2015 жылы 6 қарашада Ұлы Отан соғысының ардагері, Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы, батагөй ақсақал АУҒАМБАЕВ ДӨЛДЕН ТАТЫБАЙҰЛЫ дүниеден өтті.

Дөлден Татыбайұлы 1919 жылдың 10 қазанында Катонқарағай ауданының Жамбыл ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1939 жылдың 2 қазанында он сегіз жасында Сібір әскери округінде алғаш құрылған 53-ші атқыштар полкінің құрамында әскери ант қабылдады. Соғысқа 543-ші артиллериялық полк құрамында кірді. 1941 жылдың қыркүйек айында Киевті қорғау кезіндегі ұрыста басынан қатты жарақат алды. Ұзақ уақыт Ворошиловградтағы госпитальда емделген соң, әскери жолын Оңтүстік-Батыс майданында 150-ші артиллериялық полктің құрамында жалғастырды. Кейіннен өзінің артиллериялық бөлімшесімен бірге 2-ші Украина майданының құрамында Украинаның көптеген қалаларын – Харьковты, Киевті, Житомирді және басқа да қалаларды азат етуге қатысты. 1945 жылдың көктемінде Жеңісті неміс қалалары Гамбург пен Магдебургте қарсы алды. 1946 жылы үйіне қайтып оралған соң ауылшаруашылық өндірісінде ұзақ жылдар бойы адал еңбек етті. Сталин атындағы ұжымшарда малшы, бригадир, «Өрел» кеңшарында есепші болып қызмет атқарды. Зайыбы Қамिला екеуі отбасында он екі бала тәрбиелеп, олардың жетеуіне жоғары білім әперді. Дөлден ақсақал соғыс жылдарындағы ерліктері мен бейбіт өмірдегі адал еңбегі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков», «Еңбек ардагері» медальдарымен және көптеген мерекелік медальдармен, Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Аудан тұрғындары атынан марқұмның туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Дөлден Татыбайұлының жарқын бейнесі біздің есімізде ұзақ сақталады.

Қ.Байғонұсов, Д.Бралинов, Б.Рақышева, Ж.Тыныбеков, Р.Құрмамбаев, О.Тұрысбаев, Г.Ағажәева, Е.Жұмағұлов, Қ.Садуов, Е.Көбешов.

Катонқарағай ауданының әкімі және аудандық маслихаттың хатшысы аудан активі атынан Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы Жақсылықов Фрунзе Елғазыұлына апайы **Қанапина Қайша Елғазықызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.